

ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ ТУРАЛЫ КОДЕКС

МАҚСАТЫ

KAZ Minerals компаниясында парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа толықтай төзбеушілік қағидаты әрекет етеді. Осы Кодекстің мақсаты – Топтың өз қызметін парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес жүргізуді ұстанатындығын көрсету.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Кодекс және оның негізінде жататын саясаттар KAZ Minerals Тобы компанияларының барлық лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне (тұрақты, келісімшарт бойынша және уақытша негізде жұмыс істейтін), іссапармен келген, агенттіктер ұсынған қызметкерлерге, жабдықтаушыларға, кеңесшілерге, агенттерге, таратушыларға және Топтың кез келген мүшесінің атынан әрекет ететін кез келген тұлғаларға (жеке алғанда – «Жеке тұлға», бірлесіп – «Жеке тұлғалар»), сонымен қатар Топ өз қызметін жүргізетін барлық мемлекеттердегі іскерлік операциялар мен транзакцияларға таралады.

ШОЛУ

Осы Кодекс ары қарай мәтін бойынша толық баяндалған келесі қағидаттардан тұрады:

- Қызметкерлер тікелей немесе жанама түрде параны бермеуі немесе алмауы, параны беруге немесе алуға жәрдемдеспеуі, сонымен қатар параны беру кезінде делдал ретінде әрекет етпеуі тиіс: «Пара беру және алу» («Нақты қағидаттар» бөлімінің 1-тармағы).
- Жылдамдату үшін төлемдер (мемлекеттік қызметкерлер жүзеге асыратын әрекеттерді қамтамасыз ету немесе жылдамдату үшін орындайтын төлемдері) пара ретінде қарастырылады және оларға да тыйым салынады: «Ресми рәсімдерді жылдамдату үшін төлемдер» («Нақты қағидаттар» бөлімінің 2-тармағы).
- KAZ Minerals өз қызметін тек сенімді беделі бар жеке тұлғалармен және ұйымдармен ғана жүргізеді. Сондықтан бизнес-серіктестермен қарым-қатынасты орнатпас бұрын, Қызметкерлер контрагенттерді тиісті алдын ала кешенді заңды тексеруі және KAZ Minerals Тобы компаниялары үшін жасалатын шарттардың аясында тиісті қорғаныс шараларын қамтамасыз етуі тиіс: «Бизнес-серіктестермен қарым-қатынас» («Нақты қағидаттар» бөлімінің 3-тармағы). KAZ Minerals компаниясының контрагенттерді алдын ала тексеру бойынша талаптары туралы толық ақпарат «Бизнес-серіктестермен қарым-қатынас/контрагенттерді алдын ала тексеру» жеке саясатында қамтылған.
- KAZ Minerals саяси мақсаттар үшін жарналар төлемейді: «Саяси жарналар» («Нақты қағидаттар» бөлімінің 4-тармағы).

- Осы Кодекстің немесе Топтың парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша басқа саясаттарының кез келген бұзушылықтары туралы мәліметті білетін Қызметкерлер өз күдіктері туралы дереу хабарлауы тиіс: «Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау (Speak Up)» («Нақты қағидаттар» бөлімінің [5-тармағы](#)).

ЖАУАПКЕРШІЛІК/ЗАҢНАМАНЫ САҚТАМАУ

Әрбір Қызметкер осы Кодексті және Топтың парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша басқа саясаттарын сақтауына жауапкершілік жүктейді. Қызметкердің осы Кодексті немесе Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы кез келген басқа саясаттарын сақтамау қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals компаниясының ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес Қызметкерге қатысты тәртіптік немесе басқа жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАСҚА САЯСАТТАРЫ

Сыйлықтар және қонақжайлылық танытуға қатысты саясат

Үшінші тараптардан қарапайым сыйлықтар және қонақжайлылық көріністері шешімдердің қабылдануына ықпал етпесе және мұндай ықпалдың көрінісін тудырмаса ғана ұсынылуы немесе қабылдануы мүмкін. Толық ақпарат Сыйлықтар және қонақжайлылық танытуға қатысты саясатта қамтылған.

Мүдделер шиеленісі туралы саясат

KAZ Minerals Тобы компанияларының қызметкерлері, іссапармен келген тұлғалар және агенттікпен ұсынылған қызметкерлер шиеленістерді реттеу бойынша қажетті шараларды қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, кез келген әлеуетті мүдделер шиеленісі туралы хабарлауы тиіс. Толық ақпарат KAZ Minerals компаниясының Мүдделер шиеленісі туралы саясатында қамтылған.

Әлеуметтік инвестициялар туралы саясат

Топ өз қызметін жүргізетін аймақтардағы немесе мемлекеттердегі жергілікті қауымдастықтарды қолдау бойынша жобаларға Топтың компаниялары ұсынатын кез келген жарналар немесе жәрдем әдетте мемлекеттік қызметкерлермен өзара әрекеттесу қажеттілігін талап етеді, сондықтан мұндай жобаларды Әлеуметтік инвестициялар (жобалар) жөніндегі комитетпен алдын ала жазбаша түрде бекітілуі тиіс. Толық ақпарат KAZ Minerals Тобының Әлеуметтік инвестициялар туралы саясатында қамтылған.

НАҚТЫ ҚАҒИДАТТАР

1. Параны беру және алу

Қызметкерлер тікелей немесе жанама түрде төмендегілерге құқығы жоқ:

- ұлттық немесе жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметкерге, мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруға уәкілетті өзге тұлғалар және оларға тең тұлғалар, оның ішінде заңнамалық, әкімшілік немесе сот органдары лауазымындағы тұлғаларға мұндай тұлғаның ресми әрекеттеріне ықпал ету немесе тиісті емес жеңілдіктер немесе артықшылықтарды алу мақсатымен ақша немесе өзге құндылықтарды ұсыну, уәде беру, беру немесе беруді келісу;
- іскерлік қарым-қатынастарды орнату, сақтау немесе кеңейту мақсатында қандай да бір тұлғаны өз міндеттерін тиісті түрде орындамауға көндіру үшін

коммерциялық ұйымға немесе коммерциялық ұйымның қызметкеріне ақша немесе өзге құндылықтарды ұсыну, уәде беру, беру немесе беруді келісу;

- мұндай артықшылықтарды қабылдау үшінші тараптың міндеттерін тиісті түрде орындамауы мүмкін екенін білу немесе оған сенімді бола отырып, үшінші тарапқа ақша немесе өзге құндылықтарды ұсыну, уәде беру, беру немесе беруді келісу;
- іскерлік операцияларды жүргізуге мүмкіндіктерді алуға немесе сақтауға, бизнестегі тиісті емес жеңілдіктер немесе артықшылықтарды алуға бағытталған тиісті емес төлемдерді жүзеге асыру немесе өзге жеңілдіктерді ұсыну үшін агенттерді немесе өзге үшінші тұлғаларды пайдалану; немесе
- артықшылықтарды сұрау, талап ету, қабылдау, алу, немесе оларды ұсыну уәдесін алу үшін өз лауазымын пайдалану.

2. Ресми рәсімдерді жылдамдату үшін төлемдер

KAZ Minerals пара мен тыйым салынған «жылдамдату үшін төлемдердің» арасында айырмашылықты көрмейді. «Жылдамдату үшін төлем» – қарапайым заңды мемлекеттік рәсімдерді, мысалы, рұқсат құжаттарын беруді немесе тауарларды кеден қоймаларынан шығаруды қамтамасыз ету немесе жылдамдату мақсатымен төленетін сомалар.

Ресми рәсімдерді жылдамдату үшін төлемдердің мөлшері атаулы болса да, KAZ Minerals Қызметкерлерден мұндай төлемдерге жол бермеу қағидаттарын сақтауды талап етеді. Егер күдіктенуге негіздемелер болса, төлем тек қолданыстағы заңнамамен тікелей рұқсат етілген жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Қолданыстағы заңнама дегеніміз тиісті мемлекетте реттелген тәртіпке сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілер, сонымен қатар жазбаша бұқара дереккөздерде қолжетімді сот шешімдері.

Жылдамдату туралы сұрастырылған кез келген қызметкер немесе бизнес-серіктес мұндай төлем KAZ Minerals Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы саясатына қайша келетінін және мұндай төлемді жүзеге асыру мүмкін емес екендігін дереу түсіндіруі тиіс.

Егер KAZ Minerals саясатын мұндай түсіндіру жағдайды шешпесе, онда Қызметкер өзінің тікелей басшысына, ал бизнес-серіктес KAZ Minerals компаниясындағы тиісті байланысушы тұлғаға (қолданылатын болса) хабарлап, жұмылдырылған мемлекеттік қызметкерге және жылдамдату үшін төлем талап етілген мән-жайлар туралы толық ақпаратты ұсына отырып, орын алған жағдайдың түсінігін беруі тиіс. Ақпаратты қарастырудың нәтижесі бойынша, тікелей басшы немесе атқарым (кәсіпорын) Бас компаенс - офицер немесе компаенс – офицер, егер Қызметкер Қазақстанда, Ресейде немесе Қырғызстан Республикасында болса, немесе егер Қызметкер Ұлыбританияда болса, Корпоративтік хатшымен бірлесе отырып, қабылдануға қажетті шаралар туралы шешім қабылдайды. Аталған шаралар орын алған мәселені тіркеу және оны реттеу бойынша әрекеттерді қабылдау мақсатымен тиісті департаментке жауапты Министрге KAZ Minerals атынан хат жазуды қамтуы мүмкін.

Егер ресми рәсімдерді жылдамдату үшін төлем талаптары KAZ Minerals Тобының компаниясына адамдар өлімінің тәуекелі, өміріне, денсаулығына залал, немесе қауіпсіздігіне қауіп шынайы жағдайында ұсынылатын болса, Қызметкер осы жағдайларда қажетті деп санайтын әрекеттерді қабылдауы тиіс. Қызметкер

Қазақстанда, Ресейде немесе Қырғызстан Республикасында болса, орын алған жағдай туралы Бас комплаенс-офицер немесе Корпоративтік хатшыға, Ұлыбританияға дереу хабарлауы тиіс. Мұндай жағдайларда да, KAZ Minerals компаниясы жылдамдату үшін төлемдерге жол бермеу қағидатын сақтайды және мұндай төлемді жүзеге асыру аса қажет жағдайда, Топ мәселені немесе кез келген әлеуетті қауіпті жағдайларды реттеу үшін қабылдауға қажетті шаралар туралы шешім қабылдау кезінде барлық көрсетілген мән-жайларды, оның ішінде адамдарға немесе мүлікке қауіп-қатер дәрежесін қарастырады.

3. Бизнес серіктестермен қарым-қатынастар

KAZ Minerals Тобы өзінің қызметін адал жүргізуге тырысады және барлық іскерлік операцияларды жүзеге асыру кезінде ең қатаң этикалық стандарттарды сақтайды. KAZ Minerals мұндай мінез-құлықты өзінің жеткізушілері, сатып алушылары, кеңесшілері, агенттері және басқа бизнес-серіктестерінен күтеді.

KAZ Minerals жеткізушілер, сатып алушылар, кеңесшілер, агенттер, таратушылар және басқа бизнес-серіктестердің заңнамалық, этикалық талаптарға сәйкестігін анықтау және өз атынан немесе KAZ Minerals атынан жүзеге асырылатын қандай да бір заңсыз қызметке, оның ішінде паракорлық пен басқа сыбайлас жемқорлықтың басқа ккріністеріне қатысты болмауын анықтау мақсатында, оларды алдын ала кешенді заңды тексеруді жүргізеді. KAZ Minerals контрагенттерді алдын ала тексеруге қоятын талаптары туралы толық ақпарат «Бизнес-серіктестермен қарым-қатынас/контрагенттерді алдын ала кешенді заңды тексеру» жеке саясатында қамтылған.

4. Саяси қызметті қолдау

KAZ Minerals саяси партиялардың жергілікті, аймақтық немесе республикалық деңгейдегі қызметіне тікелей немесе жанама қатыспайды және саяси науқандарға, партияларға, үміткерлерге және оларға қатысты кез келген ұйымдарға қолдау көрсетпейді.

KAZ Minerals Қызметкерлердің саяси қызметке олардың тұрақты тұрғылықты мемлекетінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес әдістермен жеке қатысу құқығын мойындайды.

Саяси қызметке мұндай кез келген қатысу, оның ішінде уақытты бөлу және ақшалай қаражаттарды салу Қызметкерлердің өз есебінен ғана жүзеге асырылуы тиіс, оған қоса Қызметкерлер олардың жеке саяси көзқарастары KAZ Minerals ұстанымының көрінісі еместігін нақты мәлімдеуі тиіс.

5. Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарландыру (Speak Up қызметі)

Қызметкерлер жұмыс орнындағы заңсыз қызмет немесе бұзушылықтардың оларға белгілі фактілері туралы дереу хабарлауы тиіс. Осы Кодексте баяндалған заңнаманы немесе этикалық нормаларды бұзу туралы негізді күдіктері бар Қызметкерлер ең алдымен аталған жағдайға басшылық ететін және оған тиімді әрекет ете алатын басшысына, немесе Бас комплаенс - офицер немесе комплаенс - офицер Қазақстандағы, Ресейдегі немесе Қырғызстан Республикасындағы, немесе Ұлыбританиядағы Корпоративтік хатшымен хабарлауы тиіс.

Өз шешімі бойынша, Қызметкер Speak Up қызметін қолданып, іскерлік этика, заңнама немесе Топтың жергілікті актілерінің бұзылуы туралы телефон немесе Интернет-ресурс арқылы мәлімдей алады. Аталған қызмет тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн жұмыс істейді және көптеген тілдерді қолдайды. Қоңырауларға арнайы оқытылған мамандар жауап береді және алынған ақпаратты Топтың ішкі тергеуге бастамашылық ететін басшылығына жібереді және оның негізінде тиісті шаралар қабылданады.

KAZ Minerals өз еркімен кеңес алуға ниетті, мәселелер туралы мәлімдейтін немесе заңнаманың, этикалық қағидаттардың және Топтың жергілікті актілерімен көзделген өзге нормаларын бұзу фактілері туралы хабарлайтын Қызметкерлеріне қатысты қандай да бір қысым көрсетуге, жазалауға немесе кемсітушілік танытуға жол бермейді. Толық ақпарат KAZ Minerals заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарландыру (Speak Up) саясатында қамтылған.

Жаңартылды және 2019 жылғы 27 маусым айында Директорлар кеңесімен бекітілді.

(2018 жылғы қарашаның алдыңғы нұсқасын жаңарту).